ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 1 қараша №5165-24-00-2/2964 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түлкібас ауданы әкімдігінің Рысқұлов ауылдық округ әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Bastau» Серік Жадыра.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Түлкібас ауданы әкімдігінің Рысқұлов ауылдық округ әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Bastau» Серік Жадыра мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер Жеке кәсіпкер «Bastau» Серік Жадырадан мемлекеттің пайдасына 11 736 (он бір мың жеті жүз отыз алты) теңге тұрақсыздық айыппұл мен 2 198 (екі мың бір жүз тоқсан сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 08.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 14.12.2024, судья Рүстем Б. М., 18.12.2024
5165-24-3-1/3047

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруге мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 08.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.12.2024, судья Рүстем Б. М., 18.12.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5165-24-3-1/3047